



Ғылыми мақала / Research Article

МҒТАР / IRSTI 03.20.00

<https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-156-3-161-178>

Modern domestic historiography of the history of foreign policy of the Kazakh khanate in the XVII-XVIII centuries

O. Mukhatova *Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, Almaty, Kazakhstan* orazgulmukhatova502@gmail.com

Abstract. The article analyzes a number of historiographic sources on the history of the foreign policy of the Kazakh Khanate in the 17th–18th centuries in order to determine the degree of study of the topic. The purpose of this study is to conduct a historiographic review of the foreign policy of the Kazakh Khanate in the 17th and 18th centuries. For a long time, the history of the Kazakh Khanate's foreign policy was not the subject of specialized study. Only in recent years have Kazakh historians begun to pay attention to this issue. Since independence, Russian historical scholarship has been more deeply engaged in studying the Kazakh Khanate's relations with neighboring and distant countries than it was during the Soviet era. Not only has the number of studies increased, but their source base has also expanded. Historical sources published under the state programs "Cultural Heritage" and "Archive 2025" have been introduced into scholarly circulation. Sources stored in foreign archival collections were identified and collections of archival documents and materials were published. Diplomatic letters written in Manchu were translated into Kazakh, and historical source studies were conducted on them. Based on new historical knowledge and methodology, scholarly conceptual conclusions were drawn. There are also aspects in which historians' findings align with the opinions of foreign scholars. Nevertheless, Russian researchers are studying this issue within the context of national interest and from the perspective of modern research methods. The research explores the Kazakh Khanate's relations with the Central Asian states, Russia, the Bashkirs, Kyrgyz, and Dzungars during this period, as well as the foreign policies of the khans and sultans Abulkhair, Abylai, and Vali. During the period of independence, historians studied Kazakh-Russian, Kazakh-Uzbek, and Kazakh-Dzungar relations. Therefore, priority is given to historiographic works devoted to the study of these relations. Kazakh historical scholarship has not analyzed the historiography of the Kazakh Khanate's foreign policy in the 17th and 18th centuries. This may be due to the fact that domestic historiography remained largely stagnant for a long time, with scholars of the Kazakh Khanate and its foreign relations considered nationalists, and historians avoiding complex political issues. The paucity of data on the history of the Kazakh Khanate's foreign policy also hindered research into this issue. Only in recent years have previously unknown historical sources been discovered. Based on these sources, research is being published, in the direction of new historical knowledge. The historiographical review identified the need for an in-depth and comprehensive study of the Kazakh Khanate's foreign policy relations based on new sources. It was confirmed that it is important for scholarship to study Kazakh-Turkish, Kazakh-Persian, Kazakh-Chinese, and Kazakh-Azerbaijani relations using archival documents previously unavailable for scholarly use. It was also determined

that, in order to further rationally pursue the multi-vector foreign policy of the modern Republic of Kazakhstan, it is necessary to study its past experience.

Keywords: Kazakh Khanate; domestic historiography; foreign policy; historiographic review; historiographic sources; research

For citation: Mukhatova O. Modern domestic historiography of the history of foreign policy of the Kazakh khanate in the XVII-XVIII centuries. *Gumilyov Journal of History*. 2026. T.156, no.3, pp.161-178. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-156-3-161-178>

Funding: The article was prepared within the framework of the grant project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan for 2025–2027 titled “Unknown pages of the history of Kazakhstan's foreign policy in the late 16th – 18th Centuries (based on materials from foreign archives)” (IRN AR26194453).

Современная отечественная историография истории внешней политики Казахского ханства в XVII-XVIII вв.

О. Мухатова

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова, Алматы, Казахстан

Аннотация. В статье анализируется ряд историографических источников по истории внешней политики Казахского ханства в XVII-XVIII веках с целью определения степени изученности темы. Цель исследования – проведение историографического обзора истории внешней политики Казахского ханства в XVII-XVIII веках. Долгое время история внешней политики Казахского ханства не являлась предметом специального изучения. Лишь в последние годы казахские историки начали уделять этому вопросу внимание. В годы независимости в отечественной исторической науке сравнительно советским периодом более глубоко изучается история взаимоотношений Казахского ханства с близкими и дальними странами. Увеличилось не только количество работ, но и расширилась их источниковая база. В научный оборот были введены исторические источники, опубликованные в рамках государственных программ “Культурное наследие” и “Архив – 2025”. Были выявлены источники, хранящиеся в зарубежных архивных фондах и опубликованы сборники архивных документов и материалов. Дипломатические письма, написанные на маньчжурском языке, были переведены на казахский язык, и по ним были проведены историко-источниковедческие исследования. На основе нового исторического познания и методологии были сделаны научные концептуальные выводы. Существуют также аспекты, в которых выводы историков совпадают с мнениями зарубежных ученых. Тем не менее отечественные исследователи изучают данную проблему в контексте национального интереса и с точки зрения современных методов исследования. В исследованиях нашли отражение отношения Казахского ханства с государствами Центральной Азии, Россией, башкирами, киргизами и джунгарами в указанный период, а также внешняя политика ханов и султанов Абулхайра, Абылая, Вали. В период независимости историки изучали казахско-русские, казахско-узбекские и казахско-джунгарские отношения. Поэтому приоритет отдается работам по историографии, посвященным изучению этих отношений. В казахстанской исторической науке не проводился анализ историографии истории внешней политики Казахского ханства в XVII-XVIII веках. Причиной этого может служить тот факт, что отечественная историография долгое время почти не развивалась, исследователи Казахского ханства и его внешних связей считались националистами, а историки избегали сложных политических вопросов. Скудность данных по

истории внешней политики Казахского ханства также препятствовала изучению этого вопроса. Лишь в полседние годы были выявлены ранее неизвестные исторические источники. На их основе публикуются исследования, подготовленные в направлении нового исторического познания. В ходе историографического обзора была выявлена необходимость глубокого и всестороннего изучения внешнеполитических отношений Казахского ханства на основе новых источников. Было подтверждено, что для науки важно изучить казахско-турецкие, казахско-персидские, казахско-китайские, казахско-азербайджанские отношения на основе архивных документов, ранее не введенных в научный оборот. Также определено, что для дальнейшего рационального проведения многовекторной внешней политики современной Республики Казахстан необходимо изучить ее прошлый опыт.

Ключевые слова: Казахское ханство; отечественная историография; внешняя политика; историографический обзор; историографические источники; исследование

XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының заманауи отандық тарихнамасы

О. Мұхатова

III. III. Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты, Алматы, Қазақстан

Аңдатпа. Мақалада XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихы бойынша бірқатар тарихнамалық деректерді талдау нәтижесінде тақырыптың зерттелу деңгейі анықталады. Зерттеудің мақсаты – XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының қазіргі кезеңдегі отандық тарихнамасына шолу жасау. Ұзақ уақыт бойы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихы арнайы зерттеу нысанына айнала қоймады. Тек соңғы жылдары қазақстандық тарихшылар бұл мәселеге назар аудара бастады. Тәуелсіздік жылдары отандық тарих ғылымында Қазақ хандығының алыс және жақын елдермен өзара қатынастары кеңестік кезеңмен салыстырғанда біршама тереңірек зерттеліп келеді. Еңбектердің қатары көбейіп қана қоймай, олардың деректік базасы кеңейді. "Мәдени мұра", "Архив – 2025" мемлекеттік бағдарламалары аясында жарияланған тарихи деректер ғылыми айналымға енгізілді. Шетелдік архив қорларында сақтаулы деректер анықталып, архив құжаттары мен материалдарының жинақтары шығарылды. Мәнжу тіліндегі дипломатиялық хаттар қазақ тіліне аударылып, оларға тарихи-деректанулық зерттеулер жүргізілді. Жаңа тарихи таным, методологиялық ұстанымдар бойынша тың ғылыми тұжырымдар жасалды. Тарихшылар тұжырымдарының шетелдік ғалымдардың пікірлерімен үндес болып жататын тұстары да байқалады. Дегенмен отандық зерттеушілер мәселені ұлттық мүддеде, заманауи зерттеу әдістері тұрғысынан зерделеуде. Зерттеулерде көрсетілген кезеңдегі Қазақ елінің Орталық Азия, Ресей мемлекеттерімен, башқұрт, қырғыз, жоңғар қатынастары, Әбілқайыр, Абылай, Уәли хандар мен сұлтандардың сыртқы саясаты көрініс тапты. Тәуелсіздік кезеңінде тарихшылар қазақ-орыс, қазақ-өзбек, қазақ-жоңғар байланыстарын қарастырған. Сол себепті тарихнамадан осы қатынастар зерделенген еңбектерге басымдылық берілген. Қазақстандық тарих ғылымында XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының тарихнамасы талданбаған. Мұның себебін отандық тарихнама ғылымының ұзақ уақыт бойы кенже қалуымен және Қазақ хандығы, оның сыртқы байланыстарын зерттеушілердің ұлтшылдарға жатқызылуымен, тарихшылардың күрделі саяси мәселелерді айналып өтуімен түсіндіруге болады. Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихы бойынша деректердің мардымсыздығы да мәселені зерделеуде қол байлау

болғаны жасырын емес. Тек соңғы уақыттарда ғана бұрын-соңды беймәлім болып келген тарихи деректер анықталуда. Солардың негізінде жаңа тарихи таным бағытында дайындалған зерттеулер жарық көруде. Тарихнамалық шолу Қазақ хандығының сыртқы саяси қатынастарын тың деректер бойынша терең әрі кешенді түрде зерделеу қажеттілігін анықтады. Қазақ-түрік, қазақ-парсы, қазақ-қытай, қазақ-әзербайжан байланыстарын бұрын-соңды ғылыми айналымға енгізілмеген архив құжаттары негізінде зерделеу ғылым үшін маңызды екендігі дәйектелді. Сондай-ақ қазіргі Қазақстан Республикасының көпвекторлы сыртқы саясатын ары қарай ұтымды жүргізу үшін оның өткен уақыттардағы тәжірибесін зерттеудің қажеттілігі анықталды.

Кілт сөздер: Қазақ хандығы; отандық тарихнама; сыртқы саясат; тарихнамалық шолу; тарихнамалық дерек; зерттеу

Сілтеме жасау үшін: Мухатова О. XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының заманауи отандық тарихнамасы. *Gumilyov Journal of History*. 2026. Т.156, no.3, б.161-178. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-156-3-161-178>

Қаржыландыру. Мақала 2025-2027 жж. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "XVI ғ. соңы – XVIII ғасырлардағы Қазақстанның сыртқы саясаты тарихының беймәлім беттері (шетелдік архив материалдары негізінде)" (ЖТН АР26194453) тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында дайындалды.

Кіріспе

XVI-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихы отандық тарих ғылымында арнайы зерттеу нысанына айналмаған десе де болады. Оның өзіндік себептері бар. Атап айтар болсақ, біріншіден, тек тәуелсіздік жылдары Қазақ хандығының құрылуын зерделеуге басымдылық берілген еңбектер жарық көрді. Қазақ хандығының 550 жылдығына орай оның құрылуына және нығаюына арналған біраз зерттеулер жүргізілді. Тарихшылар "көшпелі феодализм" теориясына қарсы шығып, дала демократиясына негізделген мемлекеттің өмір сүргендігін дәлелдеуге ұмтылды. Екіншіден, Қазақ хандығы туралы дербес зерттеулерде көбінесе мемлекеттің ішкі жағдайы, яғни саяси-әлеуметтік құрылымы, шаруашылығы қарастырылды. Сыртқы саясаты, елшіліктер, хат алмасулар және т.б. солардың астарында қалды. Соның салдарынан Қазақ хандығының сыртқы саясаты, халықаралық қатынастары, дипломатиялық байланыстары үстірт зерделенді. Үшіншіден, ұлттық мүдде феодалдық-рулық құрылысты дәріптеушілік, ұлтшылдық ретінде қабылданған Қазақстан К(б)П Орталық комитетінің 1947 жылы 21 қаңтардағы "Қазақ ССР Ғылым академиясы тіл және әдебиет институты жұмысындағы дөрекі саяси қателер туралы" деген қаулысынан кейін сыртқы саясатты зерттеу былай тұрсын, тарихшылар Қазақ хандығын зерделеуге жасқанды. Тарихты партияның талаптарына сәйкес жазу және оның "қалдықтары" қазақ тарихының өзегі болып табылатын мемлекеттілік мәселесін, оның сыртқы саясаты тарихын шынайы зерделеуге салқынын тигізіп келеді. Төртіншіден, төл тарихнама ғылымының кенже дамуы жалпы Қазақстан тарихы, соның ішінде Қазақ хандығының сыртқы саясаты бойынша жинақталған еңбектерді талдауға, баға беруге жағдай жасамады.

Тәуелсіздік жылдары өркениеттілік тұжырымдамасы аясында халықаралық өзара қарым-қатынастардың тарихын мемлекеттердің интеграциясы бағытында зерттеуге

жол ашылды. Осылардың бәрі Қазақстанның сыртқы саясат тарихын зерделеуге ұмтылдырып, оны жаңаша, замануи ғылыми ұстанымдар ауқымында қарастыруға мүмкіндік тудырды. Бүгінгі күні тәуелсіз мемлекеттің негізін қалаған, Еуразия аумағына танымал болған Қазақ хандығының сан ғасырлық тарихы бойынша зерттеулер дүниеге келуде. Дегенмен мемлекеттің бірнеше бағыттағы сыртқы ұстанымдарын ғылым, заман талаптарына сәйкес тың деректер негізінде зерделеу кенжелеп келеді. XVII-XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саясатын, халықаралық байланыстарын ең алдымен мәселенің зерттелу деңгейін анықтап, зерттелуге тиіс қырларын айқындау қажет. Терең тарихнамалық талдау ғана тақырыптың жай-күйін, назардан тыс қалған тұстарын анықтай алады. Тарихнамалық талдау неғұрлым терең жасалса, соғұрлым зерттелмеген мәселелері көбейе түседі. Соның негізінде тарихшыларға тың тақырыптар ұсынылады. Осы тұрғыдан келгенде зерттеу тақырыбы өзекті болып табылады.

Материалдар мен әдістер

XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының посткеңестік тарихнамасын зерттеуде негізгі деректер болып отандық ғалымдардың монографиялары, ұжымдық зерттеулері, ғылыми мақалалары, конференцияларда жасаған баяндамалары және т.б. саналады. Тәуелсіздік жылдары жарық көрген осындай тарихнамалық деректер зерттеудің деректік базасын құрайды. Салыстырмалы тарихнамалық талдау жасауға кеңестік және шетелдік ғалымдардың еңбектері тарихнамалық деректер ретінде деректік базаны толықтырады.

XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының посткеңестік тарихнамасын талдауда тарихнама ғылымында XX ғасырдың соңында қалыптасқан деректанулық тарихнама қолданылды. Деректанудың бұл саласы арқылы тарихнамалық деректер жіктеліп қана қоймайды, сонымен қатар олардың әрқайсысының ерекшеліктері айқындалады. Сондай-ақ тарихнамалық деректі талдау әдіснамасы пайдаланылды. Бұл әдіснама тарихнамалық деректің маңызын, тарихшының жасаған тұжырымының "салмағын", ғылымға қосқан үлесін анықтауға мүмкіндік берді. Тарихилық, объективтілік, әлеуметтік тәрізді ғылым қағидаттары тарихнамалық деректі талдауға кеңінен септесті. Тарихилық қағидат талданып отырған мәселе бойынша жинақталған тарихи білімді нақтыландыруға және дәйектей түсуге мүмкіндік берді. Объективтілік қағидаты зерттеушілердің Қазақ хандығының аталған кезеңдегі сыртқы саясатын зерделеудегі пікірлері мен тұжырымдарының шынайылығын анықтауға көмектесті. Әлеуметтік қағидат мәселені зерттеген тарихшының ұстанымдарын, мүддесін айқындауға мұрындық болды. Зерттеуде салыстырмалы-тарихи, нақты талдау, логикалық талдау, жүйелеу, хронологиялық, проблемалық-хронологиялық, қорыту әдістері қолданылды. Осылардың барлығы XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының замануи отандық тарихнамасына дәйекті шолу жасауға мүмкіндік берді. Тарихнамалық шолу тарих ғылымының жағдайын және оны ғылым ретінде тұтастай көрсетуге, сондай-ақ жекелеген мәнді құбылыстарын ғылыми тұрғыда қайта жаңғыртуға жол ашады. Тарихшы жекелеген зерттеушілердің іргелі еңбектеріндегі ой-пікірлерді зерделеп қана қоймай, әртүрлі кезеңдердегі тарихи білімнің, ғылыми ойдың дамуының қозғалыс үдерісін анықтап, талдайды.

Әдеби шолу

Қазіргі отандық тарих ғылымында XVI–XVIII ғасырлардағы, соның ішінде XVII–XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының тарихнамасы талданған зерттеулер жоқтың қасы. Мемлекеттің сыртқы саясатының зерттелу деңгейі анықталған арнайы іргелі еңбектер кеңестік кезеңде де, тәуелсіздік жылдары да жариялана қоймады. Мұны тарихнама ғылым саласының кенже дамуымен және Қазақ елінің сыртқы байланыстары бойынша еңбектердің жиі жарияланбағандығымен түсіндіруге болады. Тарихнамалық шолулар ғылыми мақалаларда, монографиялардың кіріспе бөлімдерінде жасалған. Мәселен, Ж.Е. Жаппасовтың "XVI–XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихнамасы" атты монографиясында тек қазақ-орыс қатынастарының зерттелуі анықталған. Қазақ-орыс елдері арасындағы саяси, елшілік, сауда-экономикалық қарым-қатынас тарихы жазбаша және ауызша деректер мен зерттеу еңбектерінің негізінде жан-жақты талданған. Зерттеуші қазақ-орыс қатынастарының көрсетілген кезеңдегі тарихи жағдайларға байланысты өзгеріп отыруын және екі ел арасындағы байланыстардың көршілес мемлекеттердің саясатына әсер еткенін атап көрсеткен (Жаппасов 2019). XVI–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саяси байланыстары тарихының зерттелу деңгейіне шолу М. Әбусейтованың монографиясында жасалды (Абусейтова 2002). XVI–XVIII ғасырлардағы Қазақстанның сыртқы саяси байланыстарының зерттелу деңгейі кешенді түрде емес, жекелеген елдермен қарым-қатынастар көрініс тапқан еңбектерде айқындалған. Мәселен, Г.Б. Избасарованың қазақ-башқұрт қатынастарындағы саяси және этникалық үдерістер талданған дербес зерттеуінің кіріспе бөлімінде аталған мәселенің тарихнамасы қарастырылды (Избасарова 2008). Осындай үдеріс Қазақ хандығының тарихы құрылған кезінен бастап жойылуына дейін қарастырылған басылымнан орын алды (Қазақ хандығы тарихы 2011). XVIII–XIX ғасырлардағы Ұлы даладағы тарихи оқиғалар, Қазақ хандығының дербес мемлекет ретінде саяси аренадан кетуі қарастырылған ұжымдық еңбекте аталмыш кезеңдегі Қазақстан тарихын зерделеудің революцияға дейінгі, кеңестік және қазіргі уақыттарда зерттелуінің негізгі бағыттары көрсетілді. Сонымен қатар заманауи ресейлік, шетелдік тарихнамасы талданды (Из истории Казахстана 2020). Мұның өзі мәселе тарихнамасының толық талданбағандығынан, оны зерделеудегі жетістіктер мен кемшіліктердің анықталмағандығынан хабар береді. Осы олқылықтың орнын толтыруға ұмтылыс жасалып жатыр. Алайда жекелеген мақалалар көрсетілген кезеңдегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының зерттелу деңгейін толық анықтауға дәрменсіз. Ол үшін мәселенің тарихнамасын кешенді түрде талдайтын, яғни XVI–XVIII ғасырлар аралығындағы уақыт кесіндісін қамтитын Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының зерттелуін, бағыттары мен проблемаларын айқындайтын еңбек қажет.

Нәтижелер

Тәуелсіздік жылдары, яғни постсоветтік кезеңде Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихын жаңа тарихи таным, тың методологиялық ұстанымдар бойынша зерделеген еңбектер жарияланды. Зерттеулердің деректік базасы кеңейді. Араб, парсы, қытай, түрік, монғол және т.б. тілдердегі түпнұсқа деректер мен материалдар талданып, салиқалы ғылыми тұжырымдар түйінделді. Солардың арасында XVII–XVIII ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақ хандығының сыртқы саясаты біршама көрініс тапты. Алғашқылардың

бірі болып Қазақ хандығының сыртқы саясатына назар аударған Ж.М. Төлебаева болды. Ғалым XVIII ғасырдың II жартысы – XIX ғасырдың I жартысындағы қазақтардың бұхарлықтармен өзара сауда байланыстарын зерттеді (Тулибаева 1999, 2026). П.П. Ивановтың, Б.А. Ахмедовтың, О.Ф. Акимускинның зерттеулерін тереңдете отырып, салиқалы тұжырым жасады. "Қазақстан Бұхара хандығы мен Ресей арасындағы сауда қатынастарының дәнекері қызметін де атқарды" деген тұжырымы – осының дәлелі. Ғалым қазақ даласы арқылы Орта Азияға өтетін төрт жолды және Бұхардан Қазақ еліне келетін екі жолды көрсетті (Тулибаева 1999: 203). "Айырбас сауда екі елді жақындатып, экономикалық және рухани байланыстар орнатуға ықпал етті" деген тұжырымын бұдан кейінгі уақыттарда тарихшылар бекітуге ұмтылды (Тулибаева 1999: 205). Мәселен, М.Қ. Әбусейитованың Қазақ мемлекеттілігінің құрылуы, оның негізгі сипаттамалары мен Орталық Азиядағы халықаралық қатынастар ауқымындағы көріністерін анықтауға талпыныс жасалған іргелі зерттеуінде оның XV-XVII ғасырлардағы тарихы, саясаты және дипломатиясы зерттелді (Абусейитова 2002). Есім, Тұрсын-Мұхаммед хандардың сыртқы саясаты көрсетілді. Сыртқы саясаттың қырларын, негізгі дипломатиялық акті – келісімді, мәмле-шарттар мен елшіліктерді зерделеуі Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихын зерттеушілер үшін теориялық-әдіснамалық негіз болып табылады. Ғалымның "Қазақ хандарының сыртқы саясаты дәстүрлі екі әдіспен: бейбіт жолмен және соғыс арқылы жүзеге асырылды, келісімдерге келу және елшіліктерді аттандыру XVI-XVII ғасырларда мемлекетаралық қатынастардың қалыпты нормасына айналды деген тұжырымы" – айтылғанның бір дәлелі ғана (Абусейитова 2002: 140). XV-XVII ғасырлардағы Қазақстанның Орталық Азия елдерімен қатынастардың әртүрлі болғандығын анықтай келе, дипломатиялық келіссөздердің басым рөл атқарғандығын қадап көрсетті (Абусейитова 2002: 165). XVI-XVII ғасырлардағы қазақ-қырғыз, қазақ-орыс, қазақ-ойрат, қазақ-қарақалпақ қатынастары да ғалым назарынан тыс қалмады. Осы тұрғыдан алғанда М. Абусейитованың іргелі зерттеуі Қазақ хандығының көпвекторлы сыртқы саясатын көрсетуге бағытталған алғашқы еңбек ретінде саналады. Осы бағыттағы зерттеуді Н. Атығаев жалғастырды. XV-XVII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихын бірнеше бағыттарда көрсетті. Еңбекте Қазақ елінің шибандармен, аштарханилермен, қалмақтармен, моғолдармен, қырғыздармен, үнділермен, Ноғай ордасымен, Орыс мемлекетімен, Сефевидтік Иранмен, Осман империясымен қарым-қатынастары жеке-жеке қарастырылды (Атығаев 2023). Монографияда өзге зерттеулерде қысқа ғана айтылатын қазақ-моғол қатынастары баяндалды. Н.Атығаев қазақ-қалмақ (жоңғар) қатынастарының тарихи деректермен дәйектелмеген жекелеген тұстарына көз жеткізді. Оның пайымынша, XVI ғасырда қазақтардың қалмақтарға қарсы күресіндегі одақтастарының бірі Батыс Монғолиядағы халха-монғолдар құрған Алтын-хандар (Алтан-хандар) мемлекеті болды. Алтын хан билеген мемлекеттің XVII ғасырда өзіндік орны мен халықаралық қатынастарда салмағы болғандығын дәйектейтін деректер бар. Орыс мемлекеті Алтын хандар және Қазақ ордасын өзінің достары емес деп санаған. Мұның өзі қазақтар мен моғолдар арасындағы саяси байланыстардың орын алғандығынан хабар береді. Осы орайда А.И. Исин 1616 жылы ойраттарға қарсы бірлескен жорықтар ұйымдастыру туралы қазақтар мен моғолдар арасында келіссөздер басталды деп санайды (Исин 2002) Алайда В.А. Моисеев қазақтар мен халха-монғолдар (хотогойттар) арасында жасалған келсім шарттың болғандығын дәйектейтін құжаттардың жоқ екендігі туралы жазған еді (Моисеев 1991). Дегенмен ол XVII ғасырдың басында қалмақ әскерлеріне қарсы жорықтардың бір уақытта болғандығын жай ғана сәйкестік

емес екендігін көрсеткен. Осындай пікірді ойраттардың ішкі және сыртқы саясатын зерттеген ресейлік ғалым В.Т. Тепкеев те білдірген. В.Т. Тепкеев өзінің іргелі зерттеуінде қалмақтардың қазақтармен, ноғайлармен, башқұрттармен, қарақалпақтармен әскери-саяси байланыстарын кеңінен қарастырды (Тепкеев 2018).

Қазақ хандығының қалыптасу, өрлеу және құлдырау себептері этникалық, дипломатиялық байланыстар және т.б. мәселелер біріктіріле қарастырылған зерттеуде мемлекетті құру мен нығайту жолында күрескен ірі тарихи тұлғалардың орны айшықталған (Қазақ хандығы тарихы 2011). Еңбекте XVII ғасырдың 30 жылдарындағы Қазақ хандығы, оның Жоңғар мемлекетімен, Бұхар хандығымен қарым-қатынастары, сонымен қатар Салқам Жәңгір, Әбілқайыр хан, Әбілқайыр хандардың, Жалаңтөс баһадүрдің өмірі мен қызметі баяндалған. Зерттеудің Есім ханның Ташкент жорығы, XVII ғасырдың 30–70 жылдарындағы Қазақ хандығының Жоңғар мемлекетімен, Бұхар хандығымен қарым-қатынастары, XVIII ғасырдың басындағы Қазақ хандығы және Тәуке ханның саясаты туралы айтылатын тұстары аса маңызды. Авторлардың зерттеулері мен ой тұжырымдары XVII-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясатын кешенді түрде зерделеуге көмектеседі.

Тәуелсіздік жылдары XVII-XVIII ғасырлардағы қазақ-өзбек қатынастары біршама кенжелеу зерттелді. Отандық тарихшылар XIX ғасырдағы қазақ-өзбек байланыстарын арнайы зерттеу нысанына айналдырды. Мұндай үдерістің орын алуының себебі көрсетілген кезеңге қатысты деректердің әлі де болса қолжетімсіздігі. Тарихи жазба деректердің көпшілігі шет елдердің, соның ішінде Өзбекстан Республикасы архивтері мен кітапханаларының қолжазбалар және сирек кездесетін кітаптар қорларында сақтаулы. Кеңестік кезеңде бұл мәселені Т.И. Сұлтанов зерделеген еді. Ғалым "XVI ғасырдың соңында қазақтардың қолына Ташкент пен Түркістанның өтуі бір жағынан Аштарханидтердің оларды осы қалалардан ығыстыруға ұмтылуы, екінші жағынан жоңғарлардың жақын орналасуы XVII ғасырда Қазақ хандығын қоршаудағы лагерьге ұқсатқандығы" туралы тұжырым жасаған (Сұлтанов 1982: 67). Аталған қалалар мен олардың айналасы XVII-XVIII ғасырдың басына дейін, яғни бір жарым ғасырға жуық уақыт бойы қазақтардың қолында қалып, хандықтың саяси орталығы болғандығы жөнінде түйіндеген ойы тың деректер бойынша толыққанды зерттелмей келе жатқандығы тарихшыларға ой салуы тиіс (Сұлтанов 1982: 91). Отандық зерттеушілерге қарағанда шетелдік тарихшылар осы мәселе төңірегінде көзқарас білдіріп, пікір танытуда. Мәселен, ағылшын тарихшысы Э. Аллворт Ресейдің Орта Азиядағы саяси мүддесін көрсетуде орыс-өзбек қатынастары ауқымында қазақ билеушілерінің ұстанымдарын қысқаша көрсетеді. "Көшпелі қазақтар, қырғыздар және түркімендер өз хандықтарының маңызды өзегінің мобильді қорғанысының ортасында орналасқан және көшпелілердің белгілі бір жағдайларда сүйенуіне немесе шегінуіне мүмкіндік беретін берік негіз болған сыртқы шеңберін құрады" деген тұжырымынан XVIII ғасырдағы саяси қатынастардың ахуалын байқауға, шетелдік зерттеушінің өзіндік көзқарасы болады (Аллворт 2017: 17).

Сыртқы саясатта дипломатияның атқаратын рөлі ерекше екендігі белгілі. Мемлекет шебер дипломатиялық ұстанымдарға негізделсе, соғұрлым оның халықаралық қатынастарда беделі артып, абыройы асқақтайды. Оған қазіргі уақыттағы Қазақстан мемлекет басшысының саясаты дәлел бола алады. Қазақстандық тарихнамада XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығы дипломатиясының тарихы зерделенген бірлі-жарым еңбектер бар. Солардың бірі – К.Ш. Хафизованың монографиясы (Хафизова 2019). Далалық демократияны ұстанған дала билеушілері еларалық қатынастарда басты рөл

дипломатияға тиесілі екендігіне ерекше мән берді, өйткені ол мемлекетті сақтап қалудың, дамыту мен нығайтудың, аумақтық тұтастық пен ұлттық бірліктің кепілі болды. К.Ш. Хафизова XVIII-XIX ғасырлардағы Қазақ хандығының дипломатиясы тарихын арнайы әрі кешенді зерделеуде оны екі кезеңге бөлді. Соның алғашқысы XV-XIX ғасырдың бірінші ширегін қамтыды. Ғалымның тұжырымдары XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саясатының бағыттарын айқындауға және еларалық қатынастардың қыр-сырын түсінуге мүмкіндік береді. Еңбекте қазақ дипломатиясының кезеңдері, Әбілмәмбет, Абылай, Уәли, Ғұбайдулла, Кенесары хандардың, Төле бидің сыртқы саясаты мен дипломатиясы көрсетілді. Қазақ хандары мен билерінің батырларының дипломатиялық шеберліктері, түрлі тарихи кезеңдерде тығырықтан шығудағы ұстанымдарын бұрын-соңды ғылыми айналымға түспеген деректер негізінде зерделенуі – отандық тарих ғылымына қосылған зор үлес.

Белгілі тарихшы-ғалым Талас Омарбеков өз кезегінде қазақ хандарының өмірі мен қызметін зерделеген. Көпжылдық ізденістері мен зерттеулерінің негізінде Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығына арнайы еңбек жариялады ([Омарбеков 2015](#)). Зерттеуде Керей, Жәнібек, Бұрындық, Қасым, Тәуекел, Тұрсын, Жәңгір, Тәуке, Қайып, Жолбарыс және т.б. хандардың өмірі мен мемлекет басқарудағы қызметі, еліне сіңірген еңбегі қарастырылды. XVI-XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихын зерттеуде еңбектегі Тұрсын Мұхаммед, Салқам Жәңгір, Әз Тәуке, Қайып хандар туралы мәліметтердің маңызы зор. Бұл мәліметтер аталған хандардың жүргізген сыртқы саясатын, көрші елдермен байланыстарын, елшіліктерін, хаттарын, жасаған жорықтары мен соғыстарын, мәмле-шарттарын, олардың мазмұнын, маңызын терең зерттеуге мұрындық болады. Қазақ хандығының құрылуының 550 жылдығына Нұрлан Атығаевтың "Қазақ хандығы тарих толқынында" атты очерктері арналды ([Атығаев 2015](#)). Очерктерде Қазақ хандығының билеушілері: Керей, Бұрындық, Қасым, Хақ-Назар, Тәуекел, Есім, Тұрсын, Жәңгір, Тәуке хандардың жүргізген ішкі және сыртқы саясаты қысқаша сипатталды. Очерктерде Еуразияның халықаралық қатынастар жүйесіндегі Қазақ хандығының орнын айқындалды. Ғалымның: "Негізінен Қазақ хандығы туралы біздің көзқарасымызды түбегейлі өзгертетін тың деректер табылуы екіталай, дегенмен де жаңа ізденістер бұл мемлекет туралы мағұматтарымызды толықтырып отыратыны анық" деген тұжырымы назар аудартады ([Атығаев 2015: 19](#)). 2015 жылдан бері Қазақ хандығының тарихы айтарлықтай зерттеліп, бірқатар еңбектер жарық көрді. толықтырылды. Әсіресе соңғы жылдары бұрын-соңды ғылыми айналымға енгізілмеген деректер бойынша тың зерттеулер дүниеге келді.

Отандық тарих ғылымында Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы тарихын кешенді түрде зерделеген тарихшы-ғалым Берекет Кәрібаевтің қазақ хандарын арнайы зерттеген еңбегінде билеушілердің қызметі тарихи-деректанулық тұрғыдан талданды. Зерттеуде автор ортағасырлық жазба деректер мәліметтеріне, қазақ халқының ауыз әдебиетінің материалдарына сүйене отырып, Есім, Жәнібек, Жәңгір, Тәуке хандардың тұлғалық болмысын, қазақ тарихындағы алатын орны мен рөлін, билік құрған жылдарындағы хандықтың ішкі және сыртқы саяси жағдайы мәселелерін қарастырды ([Кәрібаев 2016, 2019](#)). Ғалым XVII ғасырдағы "Ер" лақап атымен танылып, тарихта қалған Жәңгір ханның қазақ-жоңғар қатынастарындағы рөлін, әсіресе оның 1643 жылғы Орбұлақ шайқасындағы әскери-стратегиялық шеберлігін, қызметі мен қазақ хандығының дербестігін сақтау жолындағы күресін ғылыми мақаласында арнайы талдады ([Кәрібаев 2019](#)). "Жәңгір сұлтан 1635 жылы жоңғар тұтқынынан жоңғарлардың өз қолымен босап,

туған еліне аман-сау оралады, жоңғар тайшыларының арасынан өзіне одақтастар тауып қайтады. Бұл одақтастықтың оған 1643 жылғы Батыр хонтайшы әскері мен шайқасында көп көмегі тиеді" деген тұжырымы Жәңгір ханның сыртқы саяси ұстанымдарын терең зерттеу қажеттілігінен хабар береді (Кәрібаев 2019: 137).

Көрсетілген кезеңдегі қазақ-қытай, қазақ-үнді, қазақ-түрік, қазақ-парсы қатынастары отандық тарих ғылымында кеңестік кезеңдегі тәрізді арнайы зерттелмеді. Оның өзіндік себептері бар. Біріншіден, мұндай байланыстардың тарихын зерделеуге қажетті деректер ұзақ уақыт беймәлім болып келді. Дипломатиялық хаттар, өзге де құжаттар мен материалдар шетелдердің архив қорларында сақтаулы. Деректер соңғы уақыттарда ғана әсіресе, "Архив – 2025" мемлекеттік бағдарламасы аясында анықталып, жинақталды. Екіншіден, оларды ең алдымен деректанулық талдаудан өткізіп, ғылыми айналымға дайындау күрделі, шешімі табылуға тиіс мәселе ретінде қалып отыр. Үшіншіден, деректерді қазақ тіліне аударатын, оларды деректанулық тұрғыда талдап, ғылыми айналымға енгізуге дайындап беретін білікті мамандар өте аз. Дегенмен қазақ-қытай қатынастарын зерттеуде ілгерлеу байқалады. Атажұртқа оралған қазақ диаспорасы өкілдері Қытайдың бірінші тарихи архив қорында сақтаулы құжаттарды ғылыми айналымға түсіруге ықпал етуде. Б. Еженханұлы, Д. Әбділәшімұлы, Н. Мұхаметханұлы осы деректерді талдау бойынша іргелі зерттеулер дайындады. Н. Мұхаметханұлы қазақ хандары мен сұлтандарының Цин патшалығымен орнатқан дипломатиялық қатынастарымен сауда-экономикалық байланыстары, қазақтың шығыстағы атамекеніне шаруаларды қайта оралту мәселелерін зерделеді. Цин империясының қазақтарға және Орта Азия халықтарына қатысты саясатының сипатына анықтама беріп, екі ел қатынастарының қалыптасу және даму процесін айқындады (Мұхаметханұлы 1996). Бұдан кейін ол алдыңғы зерттеулерін кеңейтіп, қазақ-қытай қатынастарының даму және өркендеуінің өзекті мәселелеріне тың деректеріне сүйене отырып, терең талдау жасады (Мұхаметханұлы 2010). Б. Еженханұлы XVIII ғасырдың II жартысындағы Қазақ елі мен Цин патшалығы арасындағы саяси, мәдени және экономикалық қатынастардың ерекшеліктерін талдады. Абылай хан дәуіріндегі Қазақ-Цин қарым-қатынастарын бұрын-соңды ғылыми айналымға түсірілмеген мәнжу тіліндегі архив құжаттары бойынша зерттеді (Еженханұлы 2025). Ғалым "Қазақ хандығы мен Цин патшалығының саяси-дипломатиялық қатынастары туралы қытай мұрағат құжаттары" атты деректер жинағының жарық көруіне мұрындық болды (Қазақ хандығы 2011).

Былтырғы жылы қазақ-қытай қатынастары тарихын терең зерделеуге ықпал ететін еңбек дүниеге келді. "Елдік феномен: Қазақ хандығының Цин патшалығына жолдаған бірегей дипломатиялық құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу" атты Дүйсенәлі Әбділәшімұлының монографиясы өзге еңбектерден ерекшеленеді, өйткені онда қытай архив қорларында сақталған қазақ хан, сұлтандарының 160 хаттары, 6 патша "жарлықтары" талданды, 31 құжаттың факсимилесі берілді. Дербес зерттеу 2010 жылғы "XVIII–XIX ғасырлардағы қазақша архив құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу" атты докторлық диссертациясы мен 2016 жылы жарық көрген "Чжунго бірінші тарихи архивінде сақталған қазақша құжаттар" атты монографиялық еңбегі негізінде жазылды (Әбділәшімұлы 2025). Сондай-ақ автордың 2023 жылы 1 қыркүйектен 2024 жылы 29 ақпанға дейін Токио шетел тілдері университетінің Азия-Африка тілдері мен мәдениетін зерттеу институтында шетелдік ғылым ретінде атқарған ғылыми-зерттеу жұмысының қорытынды нәтижесі болып табылады. Тарихтан белгілі 1757 жылы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында алғаш рет ресми дипломатиялық

қарым-қатынас орнап, екі жақ елшіліктермен алмасты. Цин патшалығы жергілікті әкімшіліктердің мініс көліктері мен егін шаруашылығына қажетті малға сұраныстары күрт артты. Осыған орай шекаралық өңірлерде сауда жәрмеңкелері ашылып, "жылқыға жібек саудасы" жанданды. Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында қалыптасқан мұндай саяси-экономикалық қарым-қатынас одан кейін де үздіксіз нығайып, қазақтар жағынан әр түрлі мақсатта жазылған хат-қағаздар Цин патшалығының жергілікті әкімшілігі немесе қазақ елшілерінің өздері арқылы патша ордасына жеткізіліп отырды. Қазақ елшілерінің Цин патшалығына жергілікті әкімшілігіне, сондай-ақ патша ордасына тікелей табыстаған хаттары мен оларға қатысты мәнжу тілінде жазылған мәлімдемелер қытайдың тарихи архив қорларында сақталып, бүгінге жеткен ([Әбділәшімұлы 2025:4](#)). Д. Әбділәшімұлы Бейжіңдегі Қытай бірінші архивінде кешенді зерттеу жүргізіп, деректердің арасында Қазақ хандығы тарапынан жазылған 160 құжатты тұңғыш рет талдап, қазақ тіліне аударып, ғылыми айналымға енгізуге дайындап берді. Д. Әбділәшімұлының дербес зерттеуі жапон тарихшысы Сагучи Торудың еңбегінен деректік қоры және талдауы жағынан басым түседі. Қазақ хандығының жазба мұраларын, соның ішінде бірегей дипломатиялық құжаттар, Цин патшалығына елшілердің аттандырылуы талданған тарихи-деректанулық зерттеу тарихшы қауым үшін құнды еңбек болып табылады. 1963 жылы жарық көрген монографиясында Сагучи Тору қазақ елшілерінің Цин патшалығының билеушісімен кездесуі, жүздесуде көрсетілген сый-құрметтері, патшаның ұсынған тарту-таралғылары, елшілік сапарындағы жүріп өткен жолдары, т.б. маңызды маңызды мәселелер баяндалған ([Saguchi 1963](#)).

Кеңестік кезеңде де, қазір де Қазақ хандығының сыртқы саясатында қазақ-түрік байланыстары отандық тарихшылар назарынан тыс қалып келеді. Мұндай үдерістің орын алуының басты себебі "қазақтар мен түріктер арасында тек діни байланыстар орнаған" деген сыңаржақ пікірлер әсер еткен. Атеизмнің үстемдік еткен кезеңінде діни байланыстарды зерделеу былай тұрсын айтуға тыйым салынғандығы белгілі. Сондықтан да бұл қатынастар жабулы қазан күйінде қалып қалған. Тәуелсіздік жылдарында қазақ-түрік байланыстары тарихының деректерін анықтау міндеті қойылды. "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламасы бойынша Қазақстан тарихы туралы түрік деректері жарық көрді. Дегенмен екі ел арасындағы байланыстарды зерделеу үшін тың деректер қажет болды. Алайда ондай тарихи деректер анықтала қоймады. Оларды түрік зерттеушілері анықтап, зерттеулер дайындады. Түрік зерттеушілері М. Даш пен А. Оспанова XVIII ғасырдағы Қазақ хандығы мен Осман империясы арасындағы саяси қатынастардың дамуын жүйелі түрде талдады ([Mustafa Daş 2019](#)). Тарихшылар көрсетілген кезеңде екі мемлекет арасындағы байланыстардың негізінен діни-психологиялық ықпал, саяси беделге сүйену, ақпарат алмасу бағыттарында өрбігенін атап өтті. XVIII ғасырдың екінші жартысында Нұралы хан Ресей және Хиуа арасындағы күрделі саяси жағдайда Осман билеушілерімен байланыс орнатуға ұмтылған. Қазақ хандары тарапынан Ыстанбұлға (Стамбулға) ресми елшілік жіберілгенін дәлелдейтін нақты құжат сақталмаған. Дегенмен Осман архивінде қазақ даласынан барған діни өкілдер, қожа-молдалардың Ыстанбұлда (Стамбулда) болғаны және солар арқылы бейресми хат-хабарлар мен өтініштердің жеткізілгенін дәйектейтін мәліметтер бар. Рухани байланыс діни элита арқылы жүргізілген. Қожа Ахмет Ясауи жолының өкілдері, Түркістан мен Бұхардан шыққан қожалар арқылы Қазақ хандарынан Осман сұлтанына сәлем (амандасу) хаттары, саяси жағдайды баяндаған мәліметтер, рухани қолдау сұраған өтініштер жіберілген. Түрік архивінде Әбілмәмбет, Әбілпейіз, Нұралы хандар тарапынан Осман сұлтандарына

жіберілген бейресми хат-хабарлар, діни мазмұндағы өтініштердің, сәлем хаттардың болғаны туралы деректер сақталған. Бұл хаттар әдетте Түркістан және Бұхара аймағынан шыққан қожа-молдалар, яғни Ясауи дәстүрінің өкілдері арқылы жеткізілген. XVIII ғасырда хат алмасу негізгі байланыс құралы болған. Бұл хаттардағы негізгі мазмұны – қазақ қоғамындағы саяси ахуал, жоңғар шапқыншылығынан кейінгі жағдай және түркі әлемі арасындағы рухани бірлік мәселелері. Осы мәселелерді зерделеу отандық тарих ғылымында тың үрдіс әкелері хақ. Алайда ол болашақтың еншісіне қалдырып келеді. XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ-түрік қатынастарын тың деректер негізінде зерттеуде А. Оспанованың "Қайыпмұхаммед ханның Осман империясына жазған хаттарына Османлы архив деректері негізінде талдау (XVIII ғ.)" атты мақаласы жолсілтеуші болары анық (Оспанова 2024).

XIII–XVIII ғасырлардағы Иран және Үндістан қолжазба қорларында парсы тіліндегі деректер археографиялық талдаудан өткізілген Ғ.Ә. Қамбарбекованың монографиясында қолжазбаларды анықтау, каталогтау, жүйелеу, аудару және зерттеу мәселелері қарастырылды (Қамбарбекова 2026). Автор еңбегіне Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасы және Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған парсы тіліндегі қолжазбалар мен сирек кездесетін кітаптар туралы зерттеулерді енгізді. Ғалым зерттеген еңбектер XVI ғасырдың соңы – XVIII ғасырдағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихын зерделеуде негізгі дереккөздердің бірі болып саналады.

Тарихнамада өзге мәселелермен салыстырғанда анағұрлым тереңірек қарастырылғаны – ол қазақ-орыс қатынастарының тарихы. Бұл тақырып кеңестік кезеңде де айтарлықтай дәрежеде тарапынан зерделенген болатын. Тәуелсіздік жылдары бұл үдеріс ары қарай жалғасты. Қазақстандық тарихнамада Абылай ханның өмірі мен елдің ішінде және сыртында жүргізген саясаты көрсетілген еңбектер қатары көбейді. Мәселен, Абылай ханның іргелес мемлекеттер және көрші халықтармен қарым-қатынасы арнайы зерттелді (Ошан 2023). З.Е. Қабылдинов монографиясында атақты қазақ билеушісі, дипломат, батыр, қолбасшы Абылай ханның ғұмыры мен қызметін үстірт қарастырылған тұстарын тереңдетті (Кабульдинов 2023). Ғалым қазақ-жоңғар, қазақ-башқұрт, қазақ-орыс қатынастарындағы, Ресеймен сауда байланыстарын дамытудағы, Ертістің оң жағындағы қоныстарды сақтап қалудағы Абылай ханның қызметі және күресі тың деректердің негізінде зерделеді. Еңбектің "Ресеймен сауда байланыстарының дамуы", соның ішінде XVIII ғасырдың 30-40 жылдарындағы қазақ-орыс саудасы, Орта жүз қазақтарының Орыс мемлекетімен сауда қатынастарының дамуы, Петропавл, Омбы, Жамыш (Ямышевск) және Семей (Семипалатинск) бекіністеріндегі сауда тарихы баяндалған тұсының маңызы зор.

Өз кезегінде В.Я. Басин XVIII ғасырдың I-жартысындағы Ресейдің сыртқы саяси жүйесіндегі Қазақстанның орны мен рөлін зерделеуде Орыс мемлекетінің Қазақ хандығын оны Орта Азиямен байланыстыратын мықты экономикалық және сауда көпіріне айналдырғысы келген саясатын ашып көрсеткен еді (Басин 1969: 51). Шындығында да қазақ даласы Ресейдің Орта Азия және одан әрі Парсы елі, Үндістанға апаратын көпір ғана емес, қақпа болғаны мәлім. Алайда кеңестік тарихнамада Орыс патшалығы мен Орта Азияның сауда, дипломатиялық байланыстары зерттелген еңбектерде Қазақ хандығы туралы үстірт айтылды. Осы олқылықтың орнын қазіргі ресейлік тарихшылар толтырып келеді. А.Ю. Быковтың "Үндістанға қақпа" деп бірінші кезекте транзиттік сауда аумағы ретінде Парсы мен Қазақстан саналды" деген пікірі кеңестік кезеңдегі тұжырымды өзгертті (Быков 2023). Екінші транзиттік жол Сібір

болды, оның бастапқы нүктесі Ертіс саналды. Осыны дәйектеу мақсатында қазақстандық тарихшылар Сібір хандығының тарихын зерттеу негізінде қазақ-орыс қатынастарының қалыптасуы мен даму үрдістерін талдады. К.К. Абуев архив құжаттарының негізінде Қазақ және Орыс мемлекетінің қарым-қатынастар орнатуға мүдделі болғандығын дәлелдеді (Абуев 2016).

Соңғы уақытта тарих ғылымынан қазақ-орыс қатынастарын жаңа қырынан зерттеген еңбектер орын алды. Мәселен, 1760–1780 жылдардағы қазақ-орыс өзара байланыстарындағы, соның ішінде сауда қатынастарының дамуындағы Орта жүз сұлтаны Әбілпейіз сұлтанның қызметі көрсетілген мақала зерттеушілердің қызығушылығын тудырды (Кенжебаев 2025). Авторлардың "сұлтанның өкілетті өкілдері – ықпалды ақсақалдар мен батырлар осы үдерісте маңызды рөл атқарды. Олар шекаралық бекіністерге жіберіліп, келіссөздерде делдал болды. Нәтижесінде, Семей бекінісі тек әскери және әкімшілік орталық қана емес, сонымен қатар Ертіс өңірінің және бүкіл Шығыс Қазақстанның ірі сауда-экономикалық орталығына айналды" деген тұжырымы Әбілпейіз сұлтанның өмірі мен ішкі, әсіресе сыртқы саясатын тың деректер бойынша зерттеу қажеттілігінен хабар береді.

Әбілқайыр ханның жұбайы Бопай (Батима) ханымның орыс-қазақ дипломатиялық коммуникацияларындағы рөлі қарастырылған мақала атап өтуге тұрарлық (Картова 2025). Онда 20-дан астам құжаттарға мәтіндік талдау жүргізіліп, Бопай ханымның байланыс орнату түрлері және дипломатиялық стратегиясының ерекшеліктері зерттелді. Еңбек Қазақ хандығының саясаты мен дипломатиясындағы әйелдердің рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Өз кезегінде Г.Б. Избасарова қазақ-башқұрт ара қатынастарындағы саяси және этникалық үдерістерді зерттеген еді. Соңғы кезде қазақ-башқұрт байланыстары тың архив құжаттары негізінде тереңірек қарастырылды. Қазақтардың башқұрттармен 1735–1740 жылдардағы көтеріліс кезіндегі қарым-қатынастары, оған қатысу себептері, 1737 жылы Башқұртстанда Сәмеке хан мен Барақсұлтандардың болуы, көтерілісшілердің қазақ хандарына Жошы әулетінің өкілдерінің бірін билеуші ретінде жіберу туралы өтініштері және т.б. мәселелер Р.Р. Асылгужиннің, И.Ф. Амантаевтың, Ж.М. Сәбитовтың мақаласында айтылды (Асылгужин 2025).

Талқылау

XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының заманауи отандық тарихнамасына шолу жасау заманауи қазақстандық тарих ғылымындағы тарихи білімнің даму динамизмін көрсетеді. Егер ғылымда тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақ хандығының құрылуы және нығаюы мәселелері қарастырылса, одан кейінгі онжылдықтарда мемлекеттің ішкі жағдайымен қатар сыртқы байланыстарына назар аударылды. Дегенмен қазақ-жоңғар, қазақ-орыс қарым-қатынастарын зерделеуге басымдылық берілді. Тарихшылар хандықтың саяси-дипломатиялық қатынастарын арнайы зерттеу нысанына айналдырды. Есім, Жәнібек, Жәңгір, Тәуке, Әбілқайыр, Абылай, Әбілпейіз тәрізді хандардың өмірі мен қызметін арнайы қарастыруда олардың сыртқы саясатына тоқталды. Зерттеулердің деректік базасы кеңейді. Тарихшылар отандық архив қорларынан өзге шетелдік, соның ішінде Ресейдің орталық және федералды архивтерінің құжаттарын ғылыми айналымға енгізді. Осыған орай қазақ-орыс қатынастарында бұрын айтылмаған мәселелер көтерілді. Мәселен, Әбілпейіз сұлтанның Ресеймен сауда

байланыстарын дамытудағы рөлі, Бопай ханымның дипломатиялық байланыстарды орнатудағы әрекеттері және т.б. Көрсетілген кезеңде, әсіресе XVII ғасырда қазақ-бұхар қатынастарының үстірт қарастырылғаны байқалды. Есім ханның сыртқы саясатын деректер бойынша зерттеу ғылым дамуы үшін маңызды болар еді.

Қорытынды

Осылайша XVII–XVIII ғасырлардағы Қазақ хандығының сыртқы саясаты тарихының отандық заманауи тарихнамасына шолу жасалды. Көрсетілген кезеңдегі мемлекеттің сыртқы саясаты, дипломатиялық қарым-қатынастары тарихының тарихнамасы арнайы зерттеу нысанына айналмағандығы анықталды. Поскеңестік кезеңде Қазақстанның көрші, одақтас елдермен байланыстарын, қазақ билеушілерінің дипломатиясын зерттеуде біраз нәтижелерге қол жеткізілді. Дегенмен тарихнамалық шолу мәселенің әлі де болса ашылуыға тиіс қырларының бар екендігін көрсетті. Зерттеулердің мазмұнынан көбінесе екі жақты, мәселен, қазақ-орыс, қазақ-башқұрт қатынастарының қарастырылғандығын байқауға болады. Шетелдік архив қорларын былай қойғанда "Архив-2025", "Мәдени мұра" мемлекеттік бағдарламалары аясында жинақталып, көпшілігі жарық көрген тарихи деректердің ғылыми айналымға түсірілмей отырғандығы анық байқалады. Соның салдарынан қазақ-түрік, қазақ-парсы, қазақ-үнді және т.б. байланыстары зерделенбей келеді. Соңғы жылдары Қазақстан Республикасының Әзербайжанмен ынытымақтастығы күшейді. XVII–XVIII ғасырлардағы қазақ-әзербайжан қатынастарын зерттеуге мол мүмкіндік туды. Осы мәселе ой зердесінен өткізілсе ғылымдағы тың жаңалық болары анық. Аталған проблемалар зерделенсе, Қазақстан Республикасының өткен кезеңдерде де көпвекторлы саясат, Қазақ хандығының шебер дипломатияға негізделген сыртқы байланыстарды жүргізгендігі әлемге паш етілері сөзсіз. Қазіргі уақыттағы әлем мойындап отырған халықаралық ұстанымдарын жетілдіруге пайдалы болар еді.

Acknowledgments

The authors of the article expresses their gratitude to the editorial team and the reviewers.

Алғыс

Мақала авторлары редакция ұжымына және рецензенттерге алғысын білдіреді.

Благодарности

Авторы статьи выражает благодарность редакционной коллегии и рецензентам.

Әдебиеттер тізімі

- Daş M., Ospanova A. Osmanli devleti ile Kazak hanligi arasindaki siyasi iliskiler (XVIII. yy.). *Dokuz Eylul Universitesi Edebiyat Fakultesi Dergisi*. 2019. No.6, pp.380-401. <https://izlik.org/JA62RM82FB>
- Saguchi T. A study of the social history of East Turkestan in the 18th-19th centuries. Tokyo: Yoshikawa Kōbunkan, Publ. 1963. 775 p.
- Әбділәшімұлы Д. *Елдік феномен: Қазақ хандығының Цин патшалығына жолдаған бірегей дипломатиялық құжаттары туралы тарихи-деректанулық зерттеу*. Токио: Фучу, Токио шетел. университеті, Азия және Африка тілдері мен мәдениетін зерттеу институты. 2025. 452 б.
- Абылай ханның іргелес мемлекеттер және көрші халықтармен қарым-қатынасы. Ж. Ошан,

- З. Қабылдинов, А. Әбсадық, О. Қуанбай және т.б. Алматы: ИП "Мадияр". 2023. 344 б.
- Абуев К. *Сибирское ханство в контексте казахско-русских отношений*. Кокшетау: КГУ им. Ш. Уалиханова. 2016. 184 с.
- Абусейтова М. *Казахстан и Центральная Азия в XV-XVII веках: история, политика, дипломатия*. Алматы: Дайк-Пресс. 2002. 288 с.
- Аллворт Э. *Россия: прорыв на Восток. Политические интересы в Средней Азии*. Пер. с англ. Л. Игоревский. Москва: ИП Лысенко А.Д. PRESS BOOK. RU. 2017. 382 с.
- Асылгузин Р., Амантаев И., Сабитов Ж. Башкирское восстание 1735-1740 гг. Сквозь призму башкиро-казахских отношений. *Bylye Gody*. 2025. Т.20, no.3, с.1105-1116.
- Атығаев Н. *Қазақ хандығы тарих толқынында. Очерктер / Казахское ханство в потоке истории*. Алматы: Елтаным баспасы. 2015. 384 б.
- Атығаев Н. *Казахское ханство: очерки внешнеполитической истории XV-XVII веков*. Алматы: Евразийский научно-исследовательский институт МКТУ им. Х. Ясави, 2023. 225 с.
- Басин В. *Россия и казахские ханства в XVI-XVIII вв. (Казахстан в системе внешней политики Российской империи)*. Алма-Ата: Изд-во Наука Казахской ССР. 1971. 275 с.
- Быков А. *Российская политика в Степных областях и трансформация казахского общества (1731-1917 гг.)*. Т.1. Москва: ИВ РАН. 2023. 464 с.
- Жаппасов Ж. *XVI-XVIII ғасырлардағы қазақ-орыс қарым-қатынастарының тарихнамасы*. Алматы: Қазақ университеті. 2019. 232 б.
- Еженханұлы Б. *Абылай хан дәуіріндегі Қазақ-Цин қатынастары*. Алматы: TURAN баспасы. 2025. 696 б.
- Избасарова Г. *XVIII ғасырдағы қазақ-башқұрт ара қатынастарындағы саяси және этникалық үдерістер*. Ақтөбе: ПринТА баспаханасы. 2008. 232 б.
- Из истории Казахстана (XVIII – начало XIX веков)*. Абдиров М., Избаиров А., Кабульдинов З. Алматы: Изд-во ИП Базарбаева. 2020. 592 с.
- Исин А. *Казахское ханство и Ногайская орда во второй половине XV-XVI вв.* Семипалатинск. 2002. 139 с.
- Қазақ хандығы тарихы: құрылуы, өрлеуі, құлдырауы*. Б. Аяған, Х. Әбжанов., А. Исин, Алматы: Сөздік-Словарь. 2011. 318 б.
- Кәрібаев Б. *Қазақ хандары туралы зерттеулер (XV ғ. ортасы – XVIII ғ. басы)*. Алматы: Қазақ университеті. 2019. 228 б.
- Кәрібаев Б. Жәңгір хан және XVII ғ. қазақ-жоңғар қатынастары мәселелері. *ҚазҰУ Хабаршысы. Тарих сериясы*. 2016. Т.83, no3, бб.134-139-б.
- Кабульдинов З. *Абылай хан и Россия*. Алматы: ИП Мадияр. 2023. 296 с.
- Қамбарбекова Ғ. *Ортағасырлық Иран: археорграфия және дереккөздер (XIII-XVIII)*. Алматы: Орхон баспа үйі. 2026. 336 б.
- Картова З., Абуов Н., Жуманова А., Ильясова Г. Эпистолярное наследие Бопай ханым в контексте русско-казахских коммуникаций в первой половине XVIII в. *Bylye Gody*. 2025. Т.20, no.4, с.1659-1670.
- Кенжебаев Г., Кабульдинов З., Черниенко Д., Апендиев Т. Развитие казахско-российских торговых отношений в деятельности султана Среднего жуза Абулфеиса (1760-е – начало 1780-х гг.). *Bylye Gody*. 2025. Т.20, no.4, с.1700-1709.
- Моисеев В. *Джунгарское ханство и казахи (XVII-XVIII вв.)*. Алма-Ата: Гылым. 1991. 238 с.
- Мұқаметханұлы Н. *XVIII-XIX ғасыр. қазақ-қытай байланыстары*. Алматы: Санат. 1996. 126 б.
- Мұқаметханұлы Н. *Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелер*. Алматы: Тарих тағылым баспасы. 2010. 204 б.
- Омарбеков Т. *Ұлы даланың дара тұлғалары: Қазақ хандары*. Алматы: Эсклюзив КА. 2015. 180 б.

- Оспанова А. Қайыпмұхаммед ханның Осман империясына жазған хаттарына Османлы архив деректері негізінде талдау (XVIII ғ.). *Отан тарихы*. 2024. Т.27, no.1, 66.21-33-б.
- Султанов Т. *Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв. (Вопросы этнической и социальной истории)*. Москва: Изд-во Наука. 1982. 134 с.
- Тепкеев В.Т. *Аюка-хан и его время*. Элиста: КалмНЦ. 2018. 359 с.
- Тулибаева Ж. Торговые взаимосвязи казахов с Бухарским ханством во второй половине XVIII – первой половине XIX вв. *Шелковый путь и Казахстан. Материалы науч.-прак. конф.* Алматы: Жибек жолы. 1999. С.201-206.
- Тулибаева Ж. Исторические связи казахов с узбекскими ханствами в XVIII веке по данным сочинений центральноазиатских авторов Нового времени. *Gumilyov Journal of History* 2026. Vol.154, no.1, pp.178-94. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-178-194>.
- Хафизова К. *Степные властители и их дипломатия в XVIII-XIX веках*. Нур-Султан: КИСИ при Президенте РК. 2019. 480 с.

References

- Daş M., Ospanova A. Osmanli devleti ile Kazak hanligi arasindaki siyasi iliskiler (XVIII. yy.). (Politicheskie otnosheniya mejdu Osmanskim gosudarstvom i Kazahskim hanstvom (XVIII vek). *Journal of the Faculty of Letters, Dokuz Eylul University*. 2019. Vol.6, no2, pp.380-401. <https://izlik.org/JA62RM82FB> (in Turkish)
- Saguchi T. A study of the social history of East Turkestan in the 18th-19th centuries. Tokyo: Yoshikawa Kōbunkan Publ. 1963. 775 p. (In Japanese)
- Abdilashimuly D. *Eldik fenomen: Kazakh khandygynyn Cin patshalygyna joldagan biregei diplomaticheskiy kujatlary turally taryhy-derektanulyk zertteu*. Tokyo: Fuchu, Tokyo overseas University of Languages, Institute for the study of Asian and African languages and culture. 2025. 452 p. (in Kazakh)
- Abylai hannyn irgeles memleketter jane korshi halyktarmen karym-katynasy. (Otnosheniya Abylai-hana s sosednimi gosudarstvami i narodami). J. Oshan, Z. Kabyldinov, A. Absadyk, O. Kuangbai t.b. Almaty: IP Madiyar. 2023. 296 p. (in Kazakh)
- Abuev K.K. *Sibirskoe hanstvo v kontekste kazahsko-ruskih otnosheni*. Kokshetau: KSU named after Sh. Ualikhanov Publ. 2016. 184 p. (in Russian)
- Abuseitova M.K. *Kazakhstan i Centralnaya Aziya v XV-XVII vekah: istoriya, politika, diplomatiya. Second ed., supplemented*. Almaty: Dyke-Press Publ. 2002. 288 p. (in Russian)
- Allworth E. *Rossiia: proryv na Vostok. Politicheskie interesy v Srednei Azii*. Translated from English by L.A. Igorevsky. Moscow: IP Lysenko. A.D. PRESS BOOK. RU. Publ. 2017. 382 p. (in Russian)
- Asylguzhin R., Amantaev I., Sabitov Zh. Bashkirskoe vosstanie 1735-1740 gg. Skvoz prizmu bashkiro-kazakhskikh otnoshenii. *Bylye Gody*. 2025. Vol.20, no.3, pp.1105-1116. (in Russian)
- Atygaev N. *Kazakh khandygy taryh tolkynynda. Ocherkter*. Almaty: Eltanym Publishing House. 2015. 384 p. (in Kazakh- Russian)
- Atygaev N. *Kazahskoe hanstvo: ocherki vnesnepoliticheskoi istorii XV-XVII vekov*. Almaty: Eurasian Research Institute of the International Classification of Technical Sciences named after H. Yasawi Publ. 2023. 225 p. (in Russian)
- Basin V. *Rossiia i kazakhskie khanstva v XVI-XVIII vv. (Kazakhstan v sisteme vneshnei politiki Rossiiskoi imperii)*. Alma Ata: Publishing house Science of the Kazakh SSR. 1971. 275 p. (in Russian)
- Bykov A. *Rosiskaia politika v Stepnyh oblastah i transformasiya kazahskogo obshchestva (1731-1917 gg.)*. T.1. Moscow: IV RAN Publ. 2023. 464 p. (in Russian)
- Jappasov J. *XVI-XVIII gasyrlardagy kazakh-orys karym-katynastarynyn taryhnamasy*. Almaty: Kazakh-

- University. 2019. 232 p. (in Kazakh)
- Ezhenkhanuly B. *Abylai han davuirindegi Kazakh-Cin katynastary*. TURAN Publ. House. 2025. 696 p. (in Kazakh)
- Izbasarova G.B. *XVIII gasyrdagy kazakh-bashkurt ara katynastaryndagy sayasi jane etnikalyk uderister*. Aktobe: PrintA Printing House. 2008. 232 p. (in Kazakh)
- From the history of Kazakhstan (XVIII – early XIX centuries)*. M. Abdirov, A. Izbasarov, Z. Kabuldinov. Almaty: Bazarbaeva Publ. 2020. 592 p. (in Russian)
- Isin A. *Kazahskoe hanstvo i Nogaiskaia orda vo vtoroi polovine XV-XVI v*. Semipalatinsk Publ. 2002. 139 p. (in Russian)
- Kazakh khandygy taryhy: kurylyy, orleuy, kuldyraby*. Ayagan B., Abzhanov Kh., Isin A. Almaty: Dictionary-Dictionary. 2011. 320 p. (in Kazakh)
- Karibayev B. *Kazakh handary turally zertteuler. (XV ğ. ortasy – XVIII ğ. basy)* Almaty: Kazakh University. 2019. 228 p. (in Kazakh).
- Karibayev B. Zhangir han jane XVII g. kazakh-jonghar katynastary maseleri. *KazNU Bulletin. History series*. 2016. Vol.82, no.3, pp.134-139. (in Kazakh)
- Kabuldinov Z.E. *Abylai khan i Rossiia*. Almaty: IP Madiyar Publ. 2023. 296 p. (in Russian)
- Kambarbekova G. *Ortağasrlyq Iran: arxeografiya jäne derekközder. (XIII-XVIII)*. Almaty publishing house Orkhon. 2026. 336 p. (in Kazakh)
- Kartova Z., Abuov N., Zhumanova A., Ilyasova G. Epistoliarnoe nasledie Bopai khanym v kontekste russko-kazakhskikh kommunikatsii v pervoi polovine XVIII v. *Bylye Gody*. 2025. T.20, no.4, pp.1659-1670. (in Russian)
- Kenzhebaev G., Kabuldinov Z., Chernienko D., Apendiev T. Razvitie kazakhsko-rossiiskikh torgovykh otnoshenii v deiatelnosti sultana Srednego zhuza Abulfeisa (1760-e – nachalo 1780-kh gg.). *Bylye Gody*. 2025. T.20, no. 4, pp.1700-1709. (in Russian)
- Moiseev V. *Dzhungarskoe khanstvo i kazakhi (XVII-XVIII vv.)*. Almaty: Gylym Publ. 1991. 238 p. (in Russian)
- Mukametkhan N. *XVIII–XIX gasyr. kazakh-kytai baylanystary*. Almaty: Sanat. 1996. 126 b. (in Kazakh)
- Mukametkhan N. *Diplomatiialyk qatynastar jane qytaitanu maseler*. Almaty: Tarih Tağylym Publishing House. 204 b. (in Kazakh)
- Omarbekov T. *Uly dalanyń dara tulgalary: Kazakh handary*. Almaty. Exclusive Publ. 2015. 180 p. (in Kazakh)
- Ospanova A. Kaiypmuhammed hannyn Osman imperiyasyna jazgan hattaryna Osmanly arhiv derekteleri negizinde taldau (HVIII ğ.). *History of the Fatherland*. 2024. Vol.27, no.1, pp.21-33. (in Kazakh)
- Sultanov T. *Kochevyie plemena Priarälä v XV-XVII vv*. Moscow: Nauka Publ. 1982. 134 p. (in Russian)
- Tepkeev V. *Aiuka-han i ego vremä*. Elista: KalmNC. 2018. 359 p. (in Russian)
- Tulibayeva Zh. *Torgovyie vzaimosvāzi kazahov s Buharskim hanstvom vo vtoroi polovine XVIII – pervoi polovine XIX vv*. In: *The Silk Road and Kazakhstan. Proceedings of the scientific and practical conference*. Almaty: Zhibek zholy, 1999. 324 p. Pp. 201-206. (in Russian)
- Tulibayeva Zh. Istoricheskie sviazi kazakhov s uzbekskimi khanstvami v XVIII veke po dannym sochinenii tsentralnoaziatskikh avtorov Novogo vremeni. *Gumilyov Journal of history*. 2026. Vol.154, no.1, pp.178-94. <https://doi.org/10.32523/3080-129X-2026-154-1-178-194>. (in Russian)
- Khafizova K.Sh. *Stepnye vlastiteli i ih diplomatia v XVIII-XIX vekah*. Nur-Sultan: KISI pri Prezidente RK Publ. 2019. 480 p. (in Russian)

Information about the author

Orazgul Kh. Mukhatova – Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher, Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology, 28, Shevchenko str., 050010, Almaty, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>, Orazgul7@rambler.ru

Авторлар туралы мәлімет

Оразгүл Хасенқызы Мұхатова – тарих ғылымдарының докторы, профессор, бас ғылыми қызметкер, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, институты 28 үй, Шевченко көш., 050010, Алматы, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>, Orazgul7@rambler.ru

Сведения об авторах

Оразгуль Хасеновна Мухатова – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник, Института Истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова, д. 28, ул. Шевченко, 050010, Алматы, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-8613-7248>, Orazgul7@rambler.ru

Conflict of Interest Statement: the author declares no conflicts of interest. **Мүдделер қақтығысы туралы мәлімдеме:** автор мүдделер қақтығысының жоқ екенін мәлімдейді. **Заявление о конфликте интересов:** автор заявляет об отсутствии конфликта интересов.

Information about the article / Мақала туралы ақпарат / Информация о статье

Entered the editorial office / Редакцияға түсті / Поступила в редакцию: 10.05.2026.

Approved by reviewers / Рецензенттер мақұлдаған / Одобрена рецензентами: 08.08.2026.

Accepted for publication / Жариялауға қабылданды / Принята к публикации: 10.09.2026.